

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 мамырдағы N 408-ІІ заңы

"Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат, N 24, 338-құжат) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 4 - б а п т а :

1-тармақ "Қазақстан" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға т и і с .

Жекеше нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариаттық архивке тапсырылуға тиіс.";

3) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғары заң білімі бар, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус б о л а а л а д ы .

Өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған, белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды.

Өзіне қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған, лицензиясы кері қайтарылып алынғандықтан не нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғандықтан нотариаттық қызметті тоқтатқан адам да осындай оқиға болғаннан кейін үш жыл бойы нотариус бола алмайды.";

3-тармақтағы "және 3-1)" деген сөздер алып тасталсын; "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жоғары заң білімі бар және аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өткен Қазақстан Республикасының азаматтары нотариустың сынақтан өтушілері бола алады. Сынақтан өтушілер сынақтан өту туралы шарт негізінде жеке практикамен айналысатын нотариустарда немесе мемлекеттік нотариустарда сынақтан өтеді.

Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар адамдар үшін аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен сынақтың мерзімі қысқартылуы мүмкін. Сынақтың ұзақтығы үш айдан кем болмауы керек.";

5) 8-баптың 6-тармағы "істеген адамдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік нотариустар" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 1 0 - б а п т а :

1-тармақ "әділет органдарының," деген сөздерден кейін "нотариаттық палаталардың ,"
," деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны кері қайтарып алу жөніндегі талап-арыз ісін қозғағанда;"

3) тармақшадағы "паспорт деректері мен өзінің тұрғылықты жерінің өзгерістері туралы мәліметтерді, олар өзгерген жағдайда" деген сөздер "өзінің тегін, атын, әкесінің атын өзгерткені, сондай-ақ оның үй-жайының орналасқан орны өзгергені туралы мәліметтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "тоқтатыла тұруы мүмкін" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) нотариус осы Заңға сәйкес өзіне белгіленген қызмет аумағын бұзғанда;

5) нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғанда тоқтатыла тұруы мүмкін.";

3-тармақтың үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Токтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылған жағдайда лицензиар лицензияның күшін қалпына келтіру туралы шешім шығарады.";

4-тармақ "тыйым салуға" деген сөздерден кейін "және нотариустың жеке мөрін аумақтық әділет органына тапсыруына" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 1 1 - б а п т а :

1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте бұзғанда не мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіріп, заңдарды бұзғанда;"

4) тармақшадағы "нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттарда нотариустың дәйектемесіз немесе қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталғанда;
6) лицензияның күші үш мәрте тоқтатылғанда;
7) аттестаттаудың нәтижесі теріс болғанда нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады.";

8) 1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрғылықты мекен-жайына кеткенде" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) нотариусқа қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату т у р а л ы қ а у л ы ш ы қ қ а н д а ; " ;

5) тармақша "қабілетсіз" деген сөзден кейін "не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата лицензиясының күші тоқтатылған нотариустың құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық архивке беру жөнінде, сондай-ақ лицензияны лицензиарға беру үшін алып қою және нотариустың жеке мөрін жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.";

9) 1 5 - б а п т а :

1-тармақ "сақтандырған" деген сөзден кейін ", нотариаттық палатаға мүше болған" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіби қасиеттерінің деңгейін айқындау мақсатында жеке практикамен айналысатын нотариус бес жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттаудан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітеді." ;

5 және 6-тармақтар алып тасталсын;

1 0) 1 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "34-бабындағы 1-тармақтың 1) (жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелерді куәландыру бөлігінде), 3), 4), 5), 6), 14), 15), 17) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерге қатысты" деген сөздер "34-бабының 1-тармағында көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді" деген сөздер "шарттары Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 17-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

12) 19-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;"

13) 20-баптың екінші сөйлемі алып тасталсын;

1 4) 2 1 - б а п т а :

3-тармақта "54, 55-баптарында" деген сөздер "54-бапта" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "1-тармағында" деген сөздер "1 және 2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 2 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақша "нотариаттық іс-әрекеттер" деген сөздердің алдынан "жекеше нотариустар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;"

6) тармақша "нотариустарды" деген сөздің алдынан "жекеше" деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақша "нотариусты" деген сөздің алдынан "жекеше" деген сөзбен толықтырылсын;

9) тармақша "нотариустардың" деген сөздің алдынан "жекеше" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Нотариаттық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады.";

1 6) 2 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүше болу мүшелікті тоқтата тұру және одан айрылу шарттары мен тәртібі;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мүшелердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;"

17) мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

"29-1-бап. Жеке нотариаттық архив

Жеке нотариаттық архив аумақтық нотариаттық палатаның филиалы болып табылады.

Жеке нотариаттық архив ұлттық архивтық қор және архивтер туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.";

1 8) 3 0 - б а п т а :

2-тармақтағы "тараптардың келісімімен белгіленген баға" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының салық заңдарында белгіленген мемлекеттік баж мөлшеріне сәйкес келетін ставкалар" деген сөздермен ауыстырылсын;
3 және 7-тармақтар алып тасталсын;

19) 31 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп белгілейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға кіріскен жекеше нотариустың жұмысын тексеру ол нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыра бастағаннан кейін кем дегенде алты айдан кейін және бір жылдан кешіктірілмей жүргізіледі және одан кейін әрі кеткенде жылына бір рет жүргізіледі.";

20) 32 - бапта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аумақтық әділет органдарының нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы заңдылықты ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылықты, оны үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;"

3) тармақшада "нотариаттық" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының архивтер және құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың санын бекітеді;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) нотариат мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқамалық және түсіндірмелік материалдар әзірлейді;"

21) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Аумақтық әділет органының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті

1. Аумақтық әділет органы:

1) мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашады және таратады;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды;

3) жергілікті атқару органдарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) мемлекеттік нотариустар жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және олардың іс жүргізуінің жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

5) нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді;

6) жекеше нотариусты жауапқа тарту туралы нотариаттық палатаға ұсыныс енгізеді;

7) жекеше нотариустардың келу сипатындағы есептілік тіркеуін жүргізеді;
8) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес нотариустардың жеке мөрлерін жасауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды береді;

9) осы Заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп:

1) нотариаттық округтегі жекеше нотариустардың қызмет аумағын белгілейді;

2) Әділет министрлігіне бекітуге нотариаттық округтегі нотариустардың саны туралы ұсыныс енгізеді;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған адамдардың резервін қалыптастырады және жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурстық іріктеуді жүргізеді; резервті қалыптастыруға арналған құжаттар нотариаттық палатаға ұсынылады және сонда сақталады;

4) нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

5) нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) нотариаттық практиканы қорытады;

7) азаматтар мен заңды тұлғалардың жекеше нотариустардың іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды;

8) жеке практикамен айналысатын нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығына және оның іс жүргізу ережелерін сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

9) нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жекеше нотариустарға аттестаттау жүргізеді.";

22) 34-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мұраға сенімгерлік басқарушыны тағайындайды;"

23) 35-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

24) 36-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

25) 37-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы бапта көзделген өсиеттерге өсиетке ол да қол қоятын куәнің қатысуымен өсиет қалдырушы қол қоюға тиіс.";

26) 47 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Куәландыратын жазбалар жасау, куәліктер беру және қаулылар шығару";

1-тармақ "мәмілелерді куәландыру" деген сөздерден кейін "және нотариаттық куәландырылған құжаттардың дубликаттарын беру" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мұраға сенімгерлік басқарушы тағайындалған кезде нотариус тиісті қаулы шығарады";

27) 48-баптың 1-тармағының 1) және 5) тармақшаларындағы "заңға", "заң" деген сөздер тиісінше "заңдарға", "заңдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 50-бап "нотариаттық куәліктерді" деген сөздерден кейін "және қаулыларды" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 54-баптың 2-тармағы "мүлікті" деген сөздің алдынан "жылжымайтын" деген сөзбен толықтырылсын;

30) 55-бап алып тасталсын;

31) 9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру";

32) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"61-бап. Мұрадан бас тарту немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтініштерді қабылдау

Нотариус мұра ашылған орын бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұрагердің мұрадан бас тартуы немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтінішті жазбаша нысанда қабылдайды.";

33) 62-68-баптар алып тасталсын;

34) 70-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

35) 79-баптың 1-тармағы "қайшы келмейтін" деген сөздерден кейін "және мәмілені баяндауды білдірмейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 101-бапта "мүлікті қорғауға" деген сөздерден кейінгі ", сондай-ақ осындай мүлікке қатысты мұраға құқық туралы куәлік беруге байланысты іс-әрекеттер" деген сөздер "байланысты іс-әрекеттер, сондай-ақ мұраны сенімгерлік басқарушыны тағайындау және осындай мүлікке қатысты мұраға құқық туралы куәлік беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 105-баптың 1 және 2-тармақтары алып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті